



ПОЛИЦИЯ МЕН ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде «Елге қызмет—мәртебелі міндет» тақырыбында салтанатты шара өтті. Қоғамның тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етіп, заңның сақталуына ерекше үлес қосқан полиция мен төтенше жағдайлар қызметкерлерін құрметтеп, олардың еңбектерін бағалау мақсатында ұйымдастырылған шараны аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков ашып, ізгі тілегін арнады. Полиция және төтенше жағдайлар қызметі бүгінде ерекше жауапкершілікті талап ететін сала екенін атап өтті.

«Қазіргі таңда полиция және төтенше жағдайлар саласы—ерекше жауапкершілікті талап ететін, әрбір күні, әрбір сәтте адам өмірі мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күресетін сала. Сондай-ақ, полиция қызметкерлері өз жұмысында әділ-

дік пен заңдылықты сақтауды ғана емес, халықтың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ең үздік қызмет көрсетуге міндетті. Тек сол кезде ғана полиция мен халық арасында тығыз байланыс орнап, мемлекетіміздің қауіпсіздігі нығаяды. Бұл тұрғыда Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында: «Полиция қашанда халыққа үлгі-өнеге болуы керек. Сонда ғана жұрт полицияға сенеді, оны қорған көреді»-деп, полиция қызметкерлерінің халықпен тығыз байланыс орнатудағы маңыздылығын ерекше атап өтті»,-деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы бірқатар полиция және төтенше жағдайлар қызметкерлерін «Үздік учаскелік полиция қызметкері», «Үздік жол патрульдік полиция қызметкері», «Үздік әйел полиция қызметкері», «Үздік сақшы»

және «Үздік құтқарушы» номинацияларымен марапаттап, сый-сияпат табыс етті.

Сонымен қатар, аудан прокуроры Ержан Қожабеков полиция қызметкерлерінің еңбегін жоғары бағалап, қоғам алдындағы жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігін атап өтті. Бірқатар сала мамандарына сый-сияпат табыстап құрмет көрсетті.

Түркістан облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ермек Өсербаев және Созақ аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Мұратов шараның маңыздылығына тоқталып, сала үздіктерін марапаттады.

Еңбек ардагері, ауданның Құрметті азаматы Пәрдебек Сақтапбергелі полиция қызметкерлерінің қажырлы еңбектерін құрметпен бағалайтынын жеткізді.

Сала ардагері, полиция майоры Беркінбай Дуанаев және «Бақ-нұры» іскер әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрайымы Нұржамал Майусова әрбір марапатталушының атқарған еңбегі мен жетістіктері туралы сөз қозғап, бірқатар полиция қызметкерлерінің ата-аналарын марапаттады.

Шара барысында халық пен полиция қызметкерлері арасындағы байланыс жайында сахналық қойылым мен бейнеролик көпшілік назарына ұсынылды. Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары патриоттық әндер орындап, көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

"ЗОРЛЫҚ-ЗОМБИЛЫҚСЫЗ 16 КҮН" НАУҚАНЫ ӨТКІЗІЛУДЕ

Созақ аудандық полиция бөлімінің Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы полиция майоры Айжан Манапованың ұйымдастырумен «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ де «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» науқаны өткізілуде. Мақсаты балаларды қатыгездікпен және немқұрайлықпен қарау проблемасын қоғамның назарын аудару және қоғамда балаға зорлық-зомбылық қолайсыз болып, жасына, даму деңгейіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әр адамның өмірі мен әл-ауқаты жоғары болатын сенімдерді қалыптастыру. Осы орайда 3 в сыныбында «Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ!», «Бақытты балалық шақ» тақырыбында іс-шара өткізілді. Оқушылар шаттық шеңберіне тұрып, өз отбасындағы игі дәстүрлер мен қағидаларға тоқталып өтті. Әрбір бала тәтті балалық бал



шақтарының керемет қызықты тұстарымен бөлісіп, диалогқа түсе білді. Сынып жетекшісі Дүйсембекова Нұргүл отбасындағы бала тәрбиесінің ықпалы туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шара ұйытқысы Айжан Манапова балалар арасында «Сен маған, мен саған» атты әдіспен кері байланыс жүргізіп, сұрақ-жауаппен қорытынды сөз түйіндеді.

«Созақ үні»-ақпарат.

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРІП ЖАТҚАН НЫСАНДАРДЫҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков және Түркістан облыстық мәслихатының депутаттары Мағауия Тұрысбеков пен Жомарт Әбдібаев аудан орталығында құрылысы жүріп жатқан бірқатар нысандарды аралап, жұмыс барысымен танысты. Сапар барысында «Жайлы мектеп» жобасы аясында салынып жатқан Ы.Алтынсарин атындағы 900 орындық жалпы орта мектептің құрылыс жұмыстарын назарға алды.

Білім ордасы ауданның білім беру сапасын арттырып, оқушылардың сапалы білім алуына үлкен үлес қосатын за-



манауи оқу орны болмақ. Қазіргі таңда мектеп ғимаратының сыртқы келбеті заманауи және сәнді сипатқа ие болып, кең және жайлы орта қалыптастыруда. Әрбір бөлмесі, сыныптары, залдары мен спорт алаңдары барлық қажетті жабдықтармен толық қамтамасыз етіліп, оқушылардың заманауи білім алуына барлық жағдай жасалуда. Мектеп аумағына асфальт жабындысы төселіп, көлік тұрақтары мен жолдар ретке келтірілуде.

Сонымен қатар, аудан орталығында бой көтеріп жатқан 200 орындық заманауи «Спорттық-сауықтыру» кешенінің құрылыс жұмыстары да назардан тыс қалмады. Онда мердігер мекеменің өкілдері мен жауапты сала мамандары болды. Аралау барысында құрылыстың сапасына ерекше назар аударды.

Бүгінде кешеннің құрылыс жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Қазіргі уақытта металл құрылымдары орнатылуда. Ішінде бірнеше спорт алаңдары мен залдар орналасады. Бұл жерде волейбол және баскетбол алаңдары, күрес пен бокс залдары, сондай-ақ бассейн мен футбол алаңы болады.

Жаңа кешен халықаралық спорттық жарыстарды өткізуге мүмкіндік беретін барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілмек. Жаңа нысан ауданның спорттық өміріне тың серпін беріп, әртүрлі спорт түрлерінен шеберлік деңгейін арттыруға, сондай-ақ ауданның жас спортшыларының әлеуетін дамытуға ықпал етері анық.

Өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді

Ауданда 2024-2025 жылғы жылыту маусымына дайындық аясында әлеуметтік аз қамтылған отбасылар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған үгіт-насихат шарасы өткізілді. Шараның мақсаты—тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жылыту маусымы кезеңінде қауіпсіздік ережелерін сақтау және төтенше жағдайлардан алдын ала сақтану қажеттілігі туралы тұрғындарды ақпараттандыру болды.

Шараға Түркістан облысы Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы, азаматтық қорғау полковнигі М.Баймбетов, МӨББ аға инженері, азамат-

тық қорғау аға лейтенанты Д. Бакирамов, аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов, Созақ ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері мен №11 Өрт сөндіру бөлімі жеке құрамының өкілдері, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, полиция бөлімінің, жедел жәрдем бригадасы мен аудандық электр желісі қызметкерлері жұмылдырылды.

Шара барысында қатысушыларға жылыту маусымының басталуымен бірге өрт қауіпсіздігі, газ қондырғыларының пайдалану тәртібі, электр жүйелерінің жұмыс жағдайы мен төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету жөнінде кеңестер берілді.